

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

**«Білім беру ұйымындағы инклюзивті мәдениет – төзімді орта
қалыптастыру, буллинг пен кемсітушіліктің алдын алу
шаралары»**

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың,
колледж және ЖОО педагог-кадрларының біліктілігін арттыру курсы
бойынша

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана қаласы, 2026

МАЗМҰНЫ

1 бөлім	Жалпы ережелер	3
2 бөлім	Глоссарий	4
3 бөлім	Бағдарлама тақырыбы	5
4 бөлім	Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	6
5 бөлім	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	8
6 бөлім	Оқу процесін ұйымдастыру	11
7 бөлім	Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	12
8 бөлім	Оқу нәтижелерін бағалау	13
9 бөлім	Курстан кейінгі қолдау	13
10 бөлім	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	14

1-бөлім. Жалпы ережелер

«Инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың тиімді педагогикалық-психологиялық тәсілдері» - педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың, колледж және ЖОО педагог-кадрларының біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына (жаңа редакция: ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98) сәйкес әзірленді.

Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың, колледж және ЖОО педагог-кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының өзектілігі жаңа сұраныстың, яғни инклюзивті білім беру тек қана арнайы бағдарламалармен емес, сонымен қатар тиімді оқыту стратегиялары, саралап оқыту, әлеуметтік-эмоциялық қолдау, командалық жұмыс, коучинг және супервизия әдістерімен жүзеге асыруын түсіну.

Заманауи педагогикалық-психологиялық тәсілдер, мысалы: сенсорлық интеграция, позитивті тәрбие бағыты, коллаборативті оқыту, бейімделген бағалау арнайы дайындықты талап етеді. Сондай-ақ халықаралық стандартқа сай жаңа талаптардың әлемдік білім беру трендтеріне байланысты көрініс табады.

Біріншіден, осы бағдарламаның мазмұнын құрастыруда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ Заңының, «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығының (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 6 мамырдағы № 104 бұйрығы) мазмұнындағы ерекше білімді қажет ететін балалардың жағдайын ескере отырып инклюзивті білім беру бойынша жұмыс бағыттарына басымдылық берілген. Білім беру ұйымдарында балалардың даралығы мен ерекшеліктерін қолдау әлі де өзекті мәселе болып табылады (ҚР-да мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы 28.03.2023 ж. № 249).

Екіншіден, әлемдік білім беру үрдістерінде инклюзивті білім беруді дамытуға ерекше назар аударылуда. Ұлттық және халықаралық білім беру стандарттары мен зерттеулер инклюзиялық оқыту бағдарламаларының маңызды рөл атқаратынын көрсетуде. Бұл әлеуметтік интеграцияға қол жеткізуге және білім мен тәрбие беруге ерекше қажеттіліктері бар балалардың кедергісіз қарым-қатынас жасауға жәрдемдесу мен дамытудың өзекті екенін көрсетті. Бүгінгі таңда инклюзивті білімге инновациялық тәсіл ретінде оң көзқараспен қарап оны ұйымдастыру мен қолдауды тиімді жүзеге асыру осы оқу курстың мазмұны арқылы мүмкіндікке ие болады.

Үшіншіден, Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытуда интеграциялау тәсілдерін енгізу қажеттілігі де осы бағдарламаның маңызын көрсетеді. Қазіргі уақытта инклюзивті білім берудің тұрақты мониторингін жүзеге асыру мақсатында психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру жұмыстарының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің, арнайы мектептер мен балабақшалардың, инклюзивті білім берудегі жалпы білім беретін мектептердің

бірыңғай цифрлық дерекқорын енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мұны арнайы білім беру ұйымдары арқылы, оның ішінде арнайы мектепке дейінгі ұйымдар (сәбилер бақшалары, балабақшалар); психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес (ПМПК) беру орталықтары; психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері (ППТК) мен инфрақұрылымдары; арнайы оңалту және түзету орталықтары; аутизм синдромы бар балаларды қолдау орталықтары және т.б. арқылы өзара ортақ мақсаттары осы курсты өткізу барысында айқындалады.

Бағдарлама қазақстандық және әлемдік білім беру трендтеріне сәйкес кәсіби білім беру сапасын көтеру, инклюзиялық білім беруде мамандардың кәсіби дағдыларын дамыту мақсатында арнайы педагогтардың кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға бағытталған.

2-бөлім. Глоссарий

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (ЕББҚ, ерекше балалар) – тиісті деңгейде және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар балалар;

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау - білім алу үшін қажетті арнайы жағдайларды айқындау;

Ерекше білім беруге қажеттіліктерді бағалау тәртібі - ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың екі тобын айқындайтын оқу қиындықтарының себептеріне байланысты жүзеге асырылады.

Инклюзия - мектеп өмірінде әр түрлі қабілеттері бар балаларды барлық аспектілерге толық қосу.

Инклюзивті білім беру - әлеуметтік физикалық және ақыл-ой қабілеттерінің даму жағдайына қарамастан әр баланың білім алуына тең құқықтарды қамтамасыз етеді. Бала оқыту жүйесіне емес, оқыту жүйесі балаға қарай ыңғайластырылады.

Инклюзивті білім беру - барлық балалардың ерекшелік құндылықтарын тану, дамуында проблемалары бар балалардың ғана емес, сондай-ақ жынысына, жасына, қандай да бір әлеуметтік, нәсілдік шығу тегіне қарамастан түрлі этникалық топтағы балалардың қажеттіліктері мен олардың білімге деген қабілетін ескеретін икемді жүйе.

Оқу бағдарламасы – меңгерілуі тиіс білім, біліктердің, дағдылар мен күзiреттiлiктердiң мазмұны мен көлемiн айқындайтын бағдарлама.

Жеке оқу бағдарламасы – ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға ПМПК қорытындысы негізінде ұсынылатын және негізгі пәндер бойынша жеке оқу, түзету-дамыту бағдарламалары.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс;

Интеграцияланған білім беру бағдарламалары – білім беру бағдарламаларының тиісті мазмұнды аспектілерін біріктіру негізінде әзірленген білім беретін оқу бағдарламалары;

Қашықтан оқыту – педагог пен білім алушылардың қашықтан, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимыл жасауы кезінде жүзеге асырылатын

оқыту;

Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) – белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).

Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау – қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені;

Буллинг – бұл әдейі, жүйелі түрде бір адамға немесе адамдар тобына күш көрсету, қорқыту, мазақ ету, психологиялық қысым жасау арқылы зиян келтіру құбылысы;

Оқу бағдарламасы – әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама;

Оқыту-сауықтыру білім беру ұйымы – балаларды және оқушы жастарды тәрбиелеу, оларға білім беру, сауықтыру, демалдыру жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын заңды тұлға;

Педагог – педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет;

Педагогикалық тексеру - тиісті жастағы балаларға арналған жас нормативтерін ескере отырып, балалардың ақыл-ой жағынан даму ерекшеліктерін және олардың ойын ойнауға, білім алуы мен қарым-қатынас жасауға әлеуеттік мүмкіндіктерін анықтау;

3-бөлім. Бағдарлама тақырыбы.

Бағдарлама тақырыбының жаңашылдық дәрежесі: Қазақстанның жалпы және арнайы білім беру жүйесіне интеграциялау мәселесі бойынша педагогтарды кәсіби біліктіліктерін арттыру қажеттілігі туындап отыр.

Бұл курс тақырыбының жаңашылдық деңгейі келесідей бөліктерді қамтиды:

Инклюзивті мәдениетті жаңа деңгейде қарастыру – білім беру ұйымдарында тек ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау емес, барлық оқушыларға арналған төзімді, қауіпсіз орта қалыптастыруды басты мақсат етіп қою.

Буллинг пен кемсітушіліктің алдын алу – дәстүрлі бағдарламаларда бұл мәселе жекелеген психологиялық немесе тәрбие жұмыстарының бөлігі ретінде қарастырылса, аталған бағдарламада ол **инклюзивті мәдениеттің ажырамас бөлігі** ретінде жүйелі түрде енгізіледі.

Кешенді тәсіл – педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттырумен қатар, оқушылардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамыту және ата-аналарды белсенді тарту көзделеді.

Инновациялық әдістерді қолдану – тренингтер, рөлдік ойындар, фасилитациялық әдістер, цифрлық құралдар мен медиаресурстарды пайдалану арқылы қатысушылардың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Жаһандық трендтерге сәйкестік – бағдарламаның мазмұны ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ сияқты халықаралық ұйымдардың білім беру саласындағы ұсынымдарына және Қазақстандағы жаңа нормативтік құжаттарға сәйкес жасалған.

Білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог кадрлардың біліктілігін арттыру мақсатындағы осы оқу курсының бағдарламасы кәсіби деңгейі жоғары, өз ісіне жауапты арнайы педагогтарды даярлауға бағытталған. Курс тақырыптарының мазмұны білім беру саласында білім беру сапасын арттыруға, арнайы педагогикалық тәсілдерді меңгеруге, ерекше балалармен тиімді жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

4-бөлім. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: білім беру ұйымында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру жолдарын үйрету, төзімділік, толеранттылық құндылықтарын насихаттау, буллинг пен кемсітушіліктің алдын алу әдістерін меңгерту, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Инклюзивті мәдениет түсінігі мен мәнін ашу.
2. Төзімді ортаны қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық әдістерін талдау.
3. Педагогтердің коммуникативтік, фасилитаторлық дағдыларын дамыту.
4. Мектеп пен колледждерде инклюзивті орта құруға арналған жобаларды әзірлеу.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

1. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі педагогтың кәсіби құзыреттілігі артады, білім беру мекемелердегі жұмыс бағыттарының инклюзиялық элементтерін меңгереді.
2. Инклюзивті мәдениеттің теориялық негізін біледі;
3. Төзімді орта қалыптастыру әдістерін меңгереді;
4. Буллинг пен кемсітушілікті анықтау және алдын алу стратегияларын қолдана алады;
5. Өз ұйымында инклюзивті мәдениетті дамыту бойынша жобаны іске асырады.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Курс бағдарламасы 5 модульден тұрады.

Модуль 1. Инклюзивті мәдениетке кіріспе.

Тақырып 1.1.Инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттары.

Тақырып 1.2.Инклюзивті мәдениет: мәні мен мазмұны.

Тақырып 1.3.Білім беру ұйымындағы құндылықтық бағдарлар.

Модуль соңында күтілетін нәтиже: Инклюзивті білім беру жүйесіндегі педагогтың кәсіби құзіреттілігі артады, білім беру мекемелердегі жұмыс бағыттарының инклюзиялық элементтерін меңгереді.

Модуль 2. Төзімді ортаны қалыптастыру жолдары.

Тақырып 2.1.Төзімділік пен толеранттылықтың психологиялық негіздері.

Тақырып 2.2.Сыныптағы әлеуметтік климат.

Тақырып 2.3.Әлеуметтік-эмоциялық оқыту технологиялары.

Модуль соңында күтілетін нәтиже: Балалардың ерекшелігіне қарай тең құқылы тәрбие-білім алуын және қоғамға толыққанды интеграциялануын қамтамасыз ете алады. Инклюзивті мәдениеттің теориялық негізін біледі.

Модуль 3. Буллинг және кемсітушілік.

Тақырып 3.1.Буллинг, кибербуллинг, менталды зорлық түрлері.

Тақырып 3.2.Құрбан мен агрессордың психологиялық портреті.

Тақырып 3.3.Буллингтің алдын алу стратегиялары.

Тақырып 3.4. Мектептегі медиация және қақтығыстарды шешу әдістері.

Модуль соңында күтілетін нәтиже: Буллинг пен кемсітушілікті анықтау және алдын алу стратегияларын қолдана алады.

Модуль 4. Инновациялық тәсілдер.

Тақырып 4.1.Цифрлық ресурстарды пайдалану (психологиялық тренингтер, мобильді қосымшалар).

Тақырып 4.2.Assistive technologies арқылы инклюзияны қолдау.

Тақырып 4.3.Ойын және арт-терапиялық әдістер.

Модуль соңында күтілетін нәтиже: Өз ұйымында инклюзивті мәдениетті дамыту бойынша жобаны іске асырады.

Модуль 5. Практикалық бөлім (6 сағат)

Тақырып 5.1.Топтық тренингтер мен кейс-талдау.

Тақырып 5.2.Инклюзивті мәдениетті дамытуға арналған мектепішілік жоба әзірлеу.

Тақырып 5.3.Қорытынды тест және рефлексия.

Модуль соңында күтілетін нәтиже: арнайы оқыту құралдарын, технологияларын және әдіс-тәсілдерін тереңірек меңгереді; арнайы педагогтар, яғни дефектологтар мен психологтар, логопедтер және басқа мамандар арасындағы ынтымақтастық ұстанымы дамиды.

Бағдарламаның тақырыптық жоспары

№	Модуль атауы мен тақырыптары	Теориялық сабақ	Машықтану	Барлығы
Модуль 1. Инклюзивті мәдениетке кіріспе				
1.1	Инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттары	2	2	4
1.2.	Инклюзивті мәдениет: мәні мен мазмұны	2	2	4
1.3	Білім беру ұйымындағы құндылықтық бағдарлар	2	2	4
Барлығы: 12				
Модуль 2. Инклюзивті мәдениетке кіріспе				
2.1	Төзімділік пен толеранттылықтың психологиялық негіздері.	2	4	6
2.2	Сыныптағы әлеуметтік климат.	2	2	4
2.3.	Әлеуметтік-эмоциялық оқыту технологиялары.	2	2	4
Барлығы: 14				
Модуль 3. Буллинг және кемсітушілік				
3.1	Буллинг, кибербуллинг, менталды зорлық түрлері	3	3	6
3.2	Құрбан мен агрессордың психологиялық портреті	3	3	6
3.3.	Буллингтің алдын алу стратегиялары	3	3	6
3.4.	Мектептегі медиация және қақтығыстарды шешу әдістері	3	3	6
Барлығы: 24				
Модуль 4. Инновациялық тәсілдер.				
4.1.	Цифрлық ресурстарды пайдалану (психологиялық тренингтер, мобильді қосымшалар).	2	3	5
4.2.	Assistive technologies арқылы инклюзияны қолдау.	2	3	5
4.3.	Ойын және арт-терапиялық әдістер.	2	2	5
Барлығы: 15				
Модуль 5.				
5.1.	Топтық тренингтер мен кейс-талдау.	2	2	4
5.2.	Инклюзивті мәдениетті дамытуға арналған мектепшілік жоба әзірлеу.	2	2	4
5.3.	Қорытынды тест және рефлексия.	2	2	4
Барлығы: 12				
	Қортынды тест тапсыру жұмысы немесе тақырыптық жоба қорғау.	-	-	3
	Барлығы			80

6-бөлім. Оқу процесін ұйымдастыру

«Инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың тиімді педагогикалық-психологиялық тәсілдері» Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына негізделді.

Оқу процесінің нысаны: білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың – жалпы білім беру ұйымдарының педагогтарына, дефектологтар, логопедтер, психолінгвистер, психолог-педагог және т.б., мектеп және колледж педагог мамандарына арналған модульдік сабақтар.

Оқу процесінің форматы:

Бағдарлама дәстүрлі (офлайн) және қашықтықтан оқыту (онлайн) форматы - аралас (гибридті) форматта ұйымдастырылады. Бұл форматтар оқытудың тиімділігін арттырып, тыңдаушылардың белсенді қатысуын және практикалық дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Курс барысында оқу үдерісін қызықты және тартымды өткізу үшін инновациялық форматтар қолданылды. Тыңдаушылар жаңа әдістерді қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытады, сыни ойлау дағдыларын жетілдіреді, өздігінен оқу мен топтық жұмысты ұтымды ұйымдастыруды үйренеді.

Атап айтсақ: **Кейс-стади әдісі, жеке және кәсіби өсу тренингтері** (жеке дағдыларды дамыту үшін тәжірибе алмасу; бейнемазмұнды талқылаулар);

Коучинг және менторлық қолдау әдісі: мамандар өзара жеке кеңес беру мен қолдау көрсету мақсатында оқу процесін басқаруды жүзеге асырады;

Жасанды интеллект (AI) және цифрлық технологияларды қолдану: ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін жасанды интеллект негізіндегі қосымшалар (мәтінді дауыстап оқу, автоматты аударма, суретті сипаттау) арқылы бейімделген тапсырмаларды жасауды; AR/VR технологияларын қолдану арқылы виртуалды зертханалар, 3D модельдер, симуляторлар негізінде тәжірибелік сабақ өткізуді байқап көреді.

Воркшоп әдісі: тыңдаушылардың жеке зерттеу жұмыстарын ұсынады. Тәжірибе алмасу аренаcы ұйымдастырылады. Мұнда педагогтер әдістемелік шеберханалар арқылы өз тәжірибелерімен бөліседі.

Қорыту сабақтары: тыңдаушылар жеке немесе топтық жобалық жұмыстарының нәтижелерін презентациялайды;

Тестілеу: (тест тапсырмалары теориялық білімді тексеру, біліктілік деңгейін анықтау);

Оқытылу тілі: қазақ, орыс тілінде.

Сағат саны: Бағдарламаның жалпы ұзақтығы **80 академиялық сағатты** құрайды. Теориялық – 37 сағат; Практикалық – 40 сағат (оның ішінде қорытынды бақылау – 3 сағат).

7-бөлім. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

Бағдарламаның тиімді жүзеге асуын қамтамасыз ету мақсатында төмендегідей оқу-әдістемелік қамту қарастырылған:

Дәріс және оқу материалдары: білім беру ұйымдарына инклюзивті білім беруді ұйымдастыру моделін қамтитын теориялық дәріс материалдары дайындалған.

Теориялық материалдарды web-қосымшаларына жіберу: теориялық білімді тереңдету мақсатында Қазақстандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектерін ұсынып оқу материалдары мен нұсқаулықтар беріледі. Кейбір теориялық сабақтар презентация түрінде ұсынылады. Google Drive (файлдарды сақтау және бөлісу), Dropbox (файлдарды сақтауға арналған сервис), OneDrive (Microsoft-тың бұлттық қызметі) қолданылады.

Оқу материалдарын меңгеруге арналған тапсырмалар: ЕББҚ бар білім алушының білім деңгейін анықтау және олардың материалды меңгеруін бақылау үшін тапсырмалар ұсынылады.

Кейс сабақтарын құрастыру: инклюзивті білім беруді ұйымдастыру бойынша нұсқаулар мен әдістемелік кеңестер кейс түрінде беріледі. Кәсіби әрекеттерді орындау бойынша нұсқаулық таратылады. Коучинг және менторлық қолдау әдісін меңгеру алаңдары құрылады.

Feedback немесе рефлексия көрсеткіштері: тыңдаушылардың өз жұмысын, алған білімдерін өзіндікі бағалау әдістемесіне сай жаттығулармен дайындалады.

Бета тестілеу ұйымдастыру: тыңдаушылардың тақырып бойынша курс алдында және курстан кейінгі білімін бағалауға арналған жүйе мен түсініктемелер әзірленеді. Мұнда диагностикалық жұмыстар мен дидактикалық материалдары арқылы жүзеге асады немесе Google Forms-арқылы сауалнама алынады.

8-бөлім. Оқу нәтижелерін бағалау

Оқыту нәтижелерін бағалау жобаны қорғау, тестілеу және өзіндік жұмыс түрінде жүргізіледі (1-қосымшада).

Жобаны қорғау 4-5 тыңдаушыдан тұратын топтық жұмыс түрінде өтеді.

Әр топ немесе жеке маман өз жобасын дайындайды.

Тестілеу тапсырмалары курс бағдарламасының мазмұны бойынша сұрақ-жауаптарды қамтиды. Тест тапсырмалары қағаз түрінде немесе электронды нұсқада Google Forms- (<https://docs.google.com/forms/u/0/>) арқылы алынады. Әр сұраққа дұрыс жауабына 1 ұпайдан беріледі. Қорытынды тестілеу үшін ең жоғары ұпай – 100% (50 ұпай), ең аз - 50 % (25 ұпай). Жалпы саны 25 және одан көп ұпай алған тыңдаушыға сертификат беріледі. Шекті балл жинамаған тыңдаушыға біліктілікті арттыру курсың тыңдағаны туралы анықтама ғана беріледі.

Қорытынды сабақтар мен жұмыстарды бағалау критерийлері

Ұпайларды бағалауға аудару шкаласы

Ұпайлар	Пайыздық (%) шегі	Дәстүрлі бағалау
40 - 50	90-100 %	5
31 – 39	75-89 %	4

25 – 30	50-74 %	3
25 ұпайдан төмен	50%-дан аз	2

Қорытынды кезеңде тыңдаушылар оқу процесінде алынған теориялық білімдерін тәжірибеде қолданады, түрлі практикалық жұмыстарды орындап, жобаларды әзірлейді. Өткен тақырыптар бойынша тест тапсырмаларын орындайды немесе жоба жұмыстарын бағалау мен қорытындылау жүзеге асады.

Біліктілікті арттыру курсына оқу процесін ұйымдастыру шарттары:

- 1) белгіленген оқу жоспарына, сабақ кестесіне және оқу кестесіне сәйкес оқуға;
- 2) оқу тәртібі мен мінез-құлық нормаларын сақтауға, оның ішінде профессор-оқытушылар құрамына және басқа да қатысушыларға құрмет көрсетуге, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетін сақтауға;
- 3) біліктілікті арттыру курсының кестесіне сәйкес барлық сабақтардың кемінде 80% - сабаққа қатысуға;
- 4) бағалаудың ең жоғары ұпайының кемінде 50%-ден жоғары ұпай қорытынды тестілеуден өтуге міндеттеледі.

9-бөлім. Курстан кейінгі қолдау

Білім беру бағдарламасы аяқталғаннан кейін тыңдаушыны курстан кейінгі қолдау жұмыстары мен әрекеттері жүзеге асырылады.

Курстан кейінгі сүйемелдеу тыңдаушының курстан кейінгі қызметіне үздіксіз мониторинг жүргізу және әдістемелік, кәсіби кеңестер мен көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз етеді.

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтер алған кәсіби құзыреттіліктерін жұмыс барысында қолданады. Курстан кейінгі қызметті сүйемелдеу нысандары мыналарды қамтиды: тыңдаушыларға олардың басқару қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету, рефлексиялық семинар өткізу, конкурстарға дайындау және қатысу, ғылыми мақала жариялау, т.б.

Әдістемелік қолдау және педагогтерді барлық өзгерістер туралы уақтылы хабардар ету үшін әртүрлі байланыс құралдары қолданылады: электрондық пошта, әлеуметтік желілердің мессенджерлері (Facebook, WhatsApp, Telegram), Google сервистері арқылы тыңдаушылардың желілік әдістемелік бірлестігі құрылады.

Курстан кейінгі сүйемелдеуді ресурстық қамтамасыз ету үшін курстың тақырыбы бойынша электрондық материалдар (әдістемелік құралдар, тірек материалдар, интернет көздеріне сілтемелер) ұсынылады.

Осы курс бойынша біліктілігін арттырған педагог мамандары білімін әрі қарай өз қызығушылықтары мен кәсіби бағыттары бойынша қайта даярлау курсына қайта өтініш білдіре алады. Атап айтқанда: дефектолог, логопед, педагог-психолог, олигофренопедагог, әлеуметтік педагог, әлеуметтік жұмыскер, арт-терапевт, миотренер бойынша біліктілік арттыру курстары ұйымдастырылады.

Осы курсқа қатысушылар инклюзивті білім беруді дамыту үшін өте маңызды білім мен тәжірибе алмасу платформасын құра алады. Осы бағытта меңгерген тәжірибелері Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіру үшін маңызды болады.

10-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 13 б.

2. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға инклюзивті білім беруді және психологиялық қолдауды ұйымдастыру// <https://bolashak-du.kz/upload/media/inkluziv2024kaz.pdf>

3. Білім беру ұйымдарында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. -320б.

4. Инклюзивті білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық - педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. -Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин ат. ҰБА, 2019.–200 б.

5. Жакипбекова С.С., Калдияров Д.А., Стамбекова А.С., Шмидт М.А., Кыдырбаева Г.Т., М.А., Беделбаева А.Е., Ержанова Г.Ж. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жоғары оқу орнына дейінгі даярлау. -Талдықорған, 2021. -90 б.

6. Беделбаева А.Е., Кыдырбаева Г.Т. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде. Қазіргі білім: өткен тәжірибе, болашаққа көзқарас: III Бүкілресейлік әдістемелік-практикалық конференцияның мақалалар жинағы (7 маусым 2021) – Петрозаводск: «Жаңа ғылым» ХҒО, 2021. – Б.8-13. https://elibrary.ru/ip_restricted.asp?rpage=

7. Жалпы білім беру процесінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды қолдау бойынша педагог-ассистенттерге арналған әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 96 б.

8. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды білім беру ұйымдарында педагог-ассистенттің сүйемелдеуі: әдістемелік нұсқаулық. Егорова Е.В., Аханова Ж.Б., Құлтаев Д.Х. - Алматы: АИБД ҰҒПО, 2022.- 42 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Кошжанова, Г., Ширинбаева, Г., Калыкова, А. О., Джакупова, Ш. А. (2022). Инклюзивті білім беру жүйесіндегі арнайы педагогтың кәсіби құзіреті. PEARSON JOURNAL, 7(22), 222–226. Geliş tarihi gönderen -URL: <https://www.pearsonjournal.com>

2. Аутизмді балаларға арналған арнайы дамыту бағдарламасы /Ерсарина А.К., Джангельдинова З.Б., Айтжанова Р.К.- Алматы, ТП ҰҒПО, 2020. - 169 б.-URL: <https://special-edu.kz/tipprog/Ersarina/autizmkaz.pdf>

3. Syar Meeze Mohd Rashid. Challenges of Implementing the Individualized Education Plan (IEP) for Special Needs Children with Learning Disabilities: Systematic Literature Review (SLR). International Journal of Learning Teaching and Educational Research. January 2022 22(1):15-34. URL- <https://DOI:10.26803/ijlter.22.1.2>.

4. Турлубекова М. Б., Бугубаева Р. О. Инклюзивное образование в Казахстане: анализ процесса организации и возможности дальнейшего его развития //Central Asian Economic Review. – 2021. – №. 3. – С. 89-109

5.Белевич, А. Буллинг в школе: как распознать и противодействовать / А.

Белевич, М. Малыгина. — Текст : непосредственный // Директор школы. — 2021. — № 5. — С. 95-101.

6.Бутова, В. О. Моббинг и буллинг / В. О. Бутова. — Текст : непосредственный // Директор школы. — 2017. — № 8. — С. 99-105.

О методах профилактики школьного насилия. Что делать учителям и семье, если ребёнок стал жертвой или, наоборот, агрессором?

7.Вавилова, А. Локальный акт и план мероприятий по профилактике травли в школе / А. Вавилова, А. Фокина. — Текст : непосредственный // Справочник руководителя ОУ. — 2019. — № 7. — С. 20-34.

8. «2024-2025 Оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат. — Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. — 113 б.

9. «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы» Ұлттық баяндама (2023 жылдың қорытындысы бойынша). — Астана қ.: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, «А. Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ, 2024. — 367 б.

10.Алипбек А. З. и др. Современное состояние инклюзивного образования в Республике Казахстан //Международный журнал гуманитарных и естественных наук. — 2023. — №. 5-4 (80). — С. 78-82

11. Инклюзивное образование в Казахстане: особенности и перспективы развития / -URL: <https://youtu.be/im15lyf8d7Y>

12. Қазақстандағы инклюзивті білім берудің әлемдік тәжірибесі (Мировой опыт инклюзивного образования в Казахстане)// <https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/>

13. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ННПЦ КП, 2019. - 118с.

14. Дэвид Митчелл. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования. Пер. с английского - И.С. Аникеев, Н.В. Борисова. —РООИ.2011г. https://center-prof38.ru/sites/default/files/one_click/mitchel_tehnologii.pdf

15. Концептуализация инклюзивного образования и его контекстуализация в рамках Миссии ЮНИСЕФ. Технический путеводитель. — [Электронный ресурс]. URL- <https://www.unicef.org/eca/sites/unicef.org.eca/files/Booklet%201%20-%20Russian%20Version.pdf>

16. Cho, S., Park, J. Inclusive education in Japan and its role in international cooperation: analysis of a project for children with disabilities in Mongolia. Asia Pacific Educ. Rev. 25, 229–242 (2024). <https://doi.org/10.1007/s12564-023-09923-4> URL- <https://link.springer.com/article/10.1007/s12564-023-09923-4>

17. Ашимханова Г.С., Аутаева А.Н. Болашақ арнайы педагогтардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру. ҚарМУ Хабаршысы. Серия «Педагогика». № 3(111)/2023. Б. -243-251

18. Турлубекова М. Б., Бугубаева Р. О. Инклюзивное образование в Казахстане: анализ процесса организации и возможности дальнейшего его развития //Central Asian Economic Review. — 2021. — №. 3. — С. 89-109

19. Аязбаева А.Т. Инклюзивті білім беру. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан қаласы: ЕАГИ, 2020. – 112 б.

20. Қазақстандағы инклюзивті білім берудің әлемдік тәжірибесі (Мировой опыт инклюзивного образования в Казахстане) // URL – <https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/>

Нормативті құжаттар тізімі:

1. ҚР-ның «Білім туралы» және «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы ҚР Премьер-Министрінің 2007 жылғы 7 қарашадағы N 328-ө Өкімі. -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/R070000328>

2. Педагог мәртебесі туралы ҚР-ның Заңы 27.12.2019 ж. № 293-VI ҚРЗ. Жаңартылған: 30.12.2024. -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

3. ҚР-да мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. – [Электронды ресурс]. URL– <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z14>

4. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы. -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400001143>

5. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығының (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 6 мамырдағы № 104 бұйрығы) -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618>

6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 ж. № 348 бұйрығы (Жаңа:15.04.2025). -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

7. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. (Жаңа: ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.05.2025 № 104). -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618>

8. Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 449-V ҚРЗ. -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000449>

9. Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы ҚР Заңы 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V ҚРЗ. //Закон РК от 20 февраля 2015 года № 288-V ЗРК «О ратификации Конвенции о правах инвалидов». – [Электронный ресурс]. -URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000288>

10. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 301 бұйрығы. -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019027>

11. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің,

таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 1-сәуірдегі № 123 бұйрығы. -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>

12. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ. -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000056>

